



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы
ғимарат 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

010000, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

№ исх: 27-5/5026 от: 29.03.2018

№ вх: от: 29.03.2018

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттарына

2018 жылғы 23 ақпандағы
№ ДЗ-56 хатына

«Ақ жол» КДП фракциясының құрметті депутаттары!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасы (бұдан әрі – Бірыңғай бағдарлама) шеңберінде пайыздық ставкаларды субсидиялауға қосымша қаражат бөлу және «Даму» КДҚ АҚ өңірлер арасында игерілу белсенділігі мен толықтығына қатысты қаражатты бөлу құқығын ұсынуға қатысты келесіні хабарлайды.

Бірыңғай бағдарлама шеңберінде пайыздық ставкаларды субсидиялауға қосымша қаражат бөлу мәселесі бойынша

Жергілікті атқарушы органдардың рөлін күшейту және орталық пен өңірлер арасында жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу мақсатында «Қазақстан-2050» стратегиясы шеңберінде 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкерлікті қолдауға субсидиялау, кепілдендіру және гранттар ұсыну түрінде бөлінетін Бірыңғай бағдарлама шеңберіндегі шығыстар жалпы сипаттағы трансферттер арқылы жергілікті бюджет базасына тапсырылды.

Осылайша, «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» 2016 жылғы 29 қарашадағы № 24-VI ҚРЗ ҚР Заңына сәйкес осы мақсатқа жыл сайын 30 млрд. теңгеден 90 млрд. теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің әр үш жыл сайын өзгеріп отыратынын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар жалпы сипаттағы трансферттер туралы Заңмен ескерілген тиісінше қаржылы жылға бөлінген қаражат шеңберінде қажеттілікті ескере отырып, жеке кәсіпкерлікті қолдауға бөлінетін қаражаттың көлемін реттеуге құқылы.

Мемлекеттік қолдау көрсетуге бюджеттік қаражат жетіспеген кезде қаржыландыруға өңірдің тиісті бюджетінің қосымша қаражаты тартыла алады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер жобалары бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау үшін қаражаттың болжамды тапшылығын назарға ала отырып, Министрлік «Даму» ҚДҚ» АҚ және жергілікті атқарушы органдардың өтінімдері бойынша 2018 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде 12 млрд.теңге мөлшерінде қосымша қаражатты бөлуге бюджеттік өтінім әзірледі. Тиісті өтінім Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жіберілді.

«Даму» ҚДҚ АҚ өңірлер арасында игерілу белсенділігі мен толықтығына қатысты қаражатты бөлу құқығын ұсыну мәселесі туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес жалпы сипаттағы трансферттер көлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы №139 бұйрығымен бекітілген Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесінің негізінде тиісті жергілікті бюджеттің кірістері (трансферттерді қоспағанда) және шығыстарының болжамды көлемдері арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Шығыстардың бағыты және оларды жергілікті бюджеттен қаржыландырудың төмен көлемі басымдылықты, әлеуметтік маңыздылықты, салықтық әлеуетті ескере отырып, сондай-ақ белгілі бір өңірдің ерекшелігіне байланысты анықталады.

Өңірлер арасында жалпы сипаттағы трансферттер қаражатын бөлу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен ескерілмегенін, сондай-ақ жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы Заңмен белгіленген көлемнен төмен шығыстар баптарын қаржыландырған жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бірінші басшыларына жауапкершілікке тарту шараларын ескеретінін атап кеткіміз келеді.

Вице-министр

С. Жұманғарин

*Исп: О. Ержанов
Тел: 74 34 64*

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

*На письмо № ДЗ-56
от 23 февраля 2018 года*

Уважаемые депутаты фракции ДПК «Ак жол»!

Министерство национальной экономики Республики Казахстан (далее - Министерство) касательно выделения дополнительных средств на субсидирование процентных ставок в рамках Единой программы развития и поддержки бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020» (далее - Единая программа) и предоставления права АО ФРП «Даму» перераспределять между регионами средства в зависимости от активности и полноты их освоения, сообщает следующее.

По вопросу выделения дополнительных средств на субсидирование процентных ставок в рамках Единой программы

В целях усиления роли местных исполнительных органов и разграничения ответственности и полномочий между центром и регионами в рамках стратегии «Казахстан-2050» с 1 января 2017 года расходы, выделяемые на поддержку частного предпринимательства в виде субсидирования, гарантирования и предоставления грантов в рамках Единой программы переданы в базу местного бюджета посредством трансфертов общего характера.

Так, в соответствии с Законом РК от 29 ноября 2016 года № 24-VI ЗРК «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами города республиканского значения, столицы на 2017 – 2019 годы» на эти цели поддержано 90 млрд. тенге по 30 млрд. тенге ежегодно.

Учитывая, что в соответствии со статьей 45 Бюджетного кодекса Республики Казахстан, объемы трансфертов общего характера подлежат изменению через каждые три года, местные исполнительные органы вправе регулировать объем выделяемых средств на поддержку частного предпринимательства с учетом потребности в пределах средств, предусмотренных Законом о трансфертах общего характера на соответствующий финансовый год.

В случае недостаточности бюджетных средств для оказания государственной поддержки, к финансированию могут привлекаться дополнительные средства соответствующего бюджета региона.

Вместе с тем, принимая во внимание прогнозируемый дефицит средств для субсидирования процентных ставок по проектам предпринимателей, Министерством по заявкам АО «ФРП «Даму» и местных исполнительных органов подготовлена бюджетная заявка на выделение дополнительных средств

в размере 12 млрд. тенге в рамках уточнения республиканского бюджета на 2018 год. Соответствующая заявка направлена в Министерство финансов Республики Казахстан.

По вопросу предоставления права АО ФРП «Даму» перераспределять между регионами средства в зависимости от активности и полноты их освоения

В соответствии со статьей 45 Бюджетного кодекса Республики Казахстан, объемы трансфертов общего характера определяются как разница между прогнозными объемами доходов (за минусом трансфертов) и затрат соответствующего местного бюджета на основании методики расчетов трансфертов общего характера, утвержденной приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 11 декабря 2014 года №139.

Направления расходов и минимальные объемы их финансирования из местного бюджета определяются с учетом приоритетности, социальной значимости, налогового потенциала, а также в зависимости от специфики того или иного региона.

Отмечаем, что распределение средств трансфертов общего характера между регионами действующим законодательством Республики Казахстан не предусмотрено, а также влечет меры ответственности для первых руководителей областей, города республиканского значения, столицы, района, городов областного в случае финансирования отдельных направлений расходов ниже объемов, установленных Законом об объемах трансфертов общего характера.

Вице-министр

С. Жумангарин

*Исп: О. Ержанов
Тел: 74 34 64*